Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасында қызметкерлерге арналған «Лауазымдық өкілеттіктерді орындау кезінде мүдделер қақтығысын анықтау, мониторингтеу және реттеу тетіктері» тақырыбында семинар өткізілді.

Семинар барысында Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу жөніндегі талаптары түсіндірілді. Қызметкерлерге мүдделер қақтығысының туындау белгілері, оны уақтылы анықтау, тікелей басшыға жазбаша хабарлау және тиісті шаралар қабылдау тәртібі бойынша ақпарат берілді.

Сонымен қатар кадрлық шешімдер қабылдау, мемлекеттік сатып алу, шарттар жасасу, комиссиялар жұмысына қатысу және қызметтік өкілеттіктерді іске асыру барысында туындауы мүмкін тәуекелдер қарастырылды.

Семинардың мақсаты – қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық сауаттылығын арттыру, мүдделер қақтығысының алдын алу тетіктерін түсіндіру және қызметтік шешімдердің объективтілігі мен ашықтығын қамтамасыз ету.





